Бұйрық № 25 28.08.2026ж

«2026–2027 оқу жылына педагогикалық кеңес құрамын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйым Жарғысына сәйкес оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби қызметін үйлестіру, білім беру қызметінің тиімділігін арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі жүргізу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің келесі құрамы бекітілсін:

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Н.Д. Джубаниязова – балабақшаның меңгерушісі.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Ә.О. Сихова -педагог-психолог

Педагогикалық кеңестің мүшелері:

Бөбекжай педагог қызметкерлері.

2. Педагогикалық кеңестің негізгі міндеттері:

2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.

2.2. Ұйымның жылдық жоспарын, білім беру бағдарламаларын, жұмыс жоспарларын қарау және бекітуге ұсыну.

2.3. Тәрбие-білім беру процесінің сапасына талдау жүргізу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

2.4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу мәселелерін қарастыру.

2.5. Балалардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру нәтижелерін талдау.

2.6. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, қауіпсіз орта құру мәселелерін қарастыру.

2.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2.8. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Педагогикалық кеңестің жұмыс тәртібі:

3.1. Педагогикалық кеңес жылдық жоспарға сәйкес өз жұмысын жүргізсін.

3.2. Педагогикалық кеңестің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізілсін.

3.3. Қажет болған жағдайда кезектен тыс педагогикалық кеңес отырыстары ұйымдастырылсын.

3.4. Педагогикалық кеңестің шешімдері хаттамамен рәсімделіп, орындауға міндетті болып саналсын.

3.5. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізу және сақтау педагогикалық кеңес хатшысына жүктелсін.

4. Педагогикалық кеңес хатшысына:

4.1. Педагогикалық кеңес отырыстарының күн тәртібін әзірлеуді;

4.2. Хаттамалардың уақытылы рәсімделуін;

4.3. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. Әдіскерге:

5.1. Педагогикалық кеңес жұмысының жылдық жоспарын әзірлеуді;

5.2. Қаралатын мәселелер бойынша қажетті материалдарды дайындауды;

5.3. Педагогтердің әдістемелік қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету жүктелсін.

6. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелері:

6.1. Кеңес жұмысына белсенді қатыссын;

6.2. Қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етсін;

6.3. Өз құзыреті шегінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

ЖК «Ақниет» «Ақ ниет»
балабақшасының меңгерушісі : Н.Д. Джубаниязова

Бекітемін
ЖК «Акниет» «Ақ ниет»
балабақшасының меңгерушісі
Н.Д. Джубаниязова

2026-2027 оқу жылының педагогикалық кеңес хаттамалары

Мақсаты:

1.Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру:
-Балабақшадағы білім беру бағдарламасының орындалуын талдау;
-Тәрбие-білім беру әдістерін жетілдіру жолдарын қарастыру.

2.Педагогтардың кәсіби дамуын қолдау:
-Жаңа технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу;
-Тәжірибе алмасу, шығармашылық ізденіске баулу.

3.Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету:
-Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
-Танымдық, тілдік, әлеуметтік-эмоциялық дамуына жағдай жасау.

4.Ұжымдық шешім қабылдау:
-Жылдық жоспарды талқылау және бекіту;
-Тәрбиешілердің жұмыс нәтижесін саралау;
-Әлеуметтік серіктестік пен ата-анамен байланысты жетілдіру.

5.Сапаны арттыру:
-Мектепке дейінгі білім сапасын көтеру;
-Мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуын бақылау.

Педагогикалық кеңестер (ПК)

Педагогикалық кеңестің тақырыбы мен мазмұны	**Өткізілу түрі**	**Орындалу мерзімі**	**Жауапты**
№1 педкеңеске дайындық			
1. «Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу» әдістемелік ұсынымдарымен таныстыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Жоспарлау	Педкеңес алдында	Меңгеруші Әдіскер
2. Базистік және оқу жұмыс жоспарларын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» жобасымен таныстыру	Жоспарлау		Меңгеруші
3. Жетекшілердің және тәрбиешілердің балалардың жас	Талдау		Меңгеруші

ерекшеліктеріне сай құрған перспективті жоспарларын қарап, талдау.			
4. Тақырыптық бақылау «Тәрбиелеу-білім процесіндегі құжаттардың дайындығы»	Тақырыптық бақылау		Меңгеруші
<u>Педагогикалық кеңес №1</u> **Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы- жаңа бастама»** **Күн тәртібінде:**			
1. 2025-2026 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыс есебін тыңдау.	Дөңгелек үстел	Тамыз	Меңгеруші
2 -ҚР Мектепке дейінгі ұйымдарында 2026-2027 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен (Қазақстан Республикасы оқу- ағарту министрлігі); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты №348 3.08.2022; Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидалары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 қосымша, ережесімен таныстыру.			Меңгеруші
3. Бекіту: - ҰІӘ -нің кестесі; -Топтардың перспективалық жылдық жоспарлары; - ҰІӘ бойынша жетекшілердің жылдық жоспарлары -Отбасы ынтымақтастық жоспарларын бекіту; - Аттестаттаушы комиссия құрамымен таныстыру; -Мектеппен сабақтастық жоспарын талқылап бекіту;			

4. Тақырыптық бақылаудың қорытындысы «Тәрбиелеу-білім процесіндегі құжаттардың дайындығы»			Әдіскер
№2 педкеңеске дайындық			
1.№2 Педагогикалық кеңеске көрсетілімдер	ҰІӘ, интеллектуалды сайыстар, танымдық шаралар	Педкеңес алдында	Пән мұғалімдері Тәрбиешілер
2. Барлық топта интеллектуалды аймақтағы шығармашылық ойындарды толықтыру, картотекасын жасау	Картотека жасау		Тәрбиешілер
3. Фронтальды бақылау «Тәжірибе алаңы жұмысында оқыту технологияларының қолданылуы, электрондық білім беру құралдарының пайдаланылуы»	Фронтальды бақылау		Әдіскер
<u>Педагогикалық кеңес №2</u> **Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру – сапалы білім мен тәрбиенің кепілі» Пікірталас алаңы + практикалық семинар элементтері («коучинг», «топтық жұмыс», «шығармашылық талдау» түрінде) Мақсаты: Педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ету, заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы білім беру сапасын арттыру, инновациялық тәжірибе алмасу. **Күн тәртібінде:**			
1 «Бүгінгі педагогтың бейнесі –	Тәжірибе	Қараша	Меңгеруші

жаңашылдық пен жауапкершілікте»	алмасу		
2 «Педагог құзыреттілігі – заманауи білім беру талабы»			Әдіскер
3 «Оқытудағы жобалық және зерттеу әдістері»			Бектасова А.Е
4. Пікірталас: «Кәсіби даму үшін не қажет?» (пікір ағашы әдісі) Кеңес мүшелері Фронтальды бақылау қорытындысы			Әдіскер
№3 педкеңеске дайындық			
1.№3 Педагогикалық кеңеске ашық көрсетілімдер	Пәндік апталықтар	Педкеңес алдында	Педагогтар
			Мұғалімдер
<u>Педагогикалық кеңес №3</u> **Тақырыбы:** *«Жасанды интеллект дәуіріндегі педагог рөлі: шығармашылық пен жаңашылдық үйлесімі»* ***Түрі:****Шығармашылық шеберхана, коучинг, тәжірибе алаңы, көрме-тұсаукесер* **Мақсаты** Педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыру, жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды пайдалана отырып, білім беру үдерісін жаңашылдық бағытында ұйымдастырудың тиімді жолдарын көрсету. **Күн тәртібінде:**			
Төрайым сөзі: «Болашақтың педагогі – шығармашыл тұлға, ал жасанды интеллект – оның шабыт көмекшісі»	Педагогикалық тринг	Қаңтар	Меңгеруші
1. АҰІӘ талдау 2. «Жасанды интеллект дәуіріндегі педагогтің жаңа бейнесі»			Әдіскер
3. Шығармашылық көрме:– «AI құралдарымен жасалған балабақша материалдары» (бейне, буклет, афиша, ойын үлгілері)			Барлық педагогтер
4. Тренинг			Педагог-психолог
5. Педагогикалық шеберхана:– «Креативті идеядан – инновациялық			Әдіскер

өнімге дейін» (топтық жұмыс)– «ChatGPT көмегімен сценарий, өлең, тапсырма құрастыру» тәжірибесі.			
«Балалар шығармашылығында цифрлық құралдарды қолдану» (музыка жетекшісі, бейнеролик)			Музыка жетекшісі
Пікірталас: «AI шығармашылықты шектей ме, әлде дамыта ма?»Кеңес мүшелері			Әдіскер
№4 педкеңеске дайындық			
1. Ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу бағытындағы жұмыстар	Іс-шаралар	Педкеңес алдында	Әдіскер Топ тәрбиешілері
2. Дене тәрбиесі іс-әрекетіне ұлттық ойын түрлерін қолдану	ҰІӘ		Дене тәрбиесі нұсқаушысы
3. Тақырыптық бақылау «Мектепке дейінгі ұйымның бағытына сәйкес алынған тақырыптардың жүргізілуі»			Әдіскер
<u>Педагогикалық кеңес №4</u> **Тақырыбы: «Таза- Қазақстан жобасын іске асыру шарттары»** **Күн тәртібінде:**			
1. «Таза- Қазақстан» жобасын іс асыру шаралары туралы	Пікірталас	Наурыз	Әдіскер
2. «Балалар бойында адалдық пен мейірімділікті қалыптастырудағы тәрбиешінің рөлі»			Доскалиева Р.
3.« «Адалдық бұрышы», «Мейірімді жүрек»» жобаларын жүзеге асыру \іскерлік ойын\			Бектасова А.Е
4. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» іс-шарасының нәтижесі			Педагог-психолог
5. Тақырыптық бақылау қорытындысы «Мектепке дейінгі ұйымның бағытына сәйкес алынған тақырыптардың жүргізілуі»			Әдіскер
№ 5 педкеңеске дайындық			
1.Жыл бойына жүргізілген жұмыстардың қорытындысын	Қорытынды шығару	Педкеңес алдында	Әдіскер Педагогтер

шығару, талдау			
2.Бөбекжай тәрбиеленушілерінің базалық минимумға сәйкес білімдерінің салыстырмалы көрсеткішін анықтау	Индикатор		Педагогтер
3.Фронтальды бақылау «Топтардың жазғы сауықтыру кезеңіне дайындығы»	Жоспар құру		Әдіскер
<u>Педагогикалық кеңес №5</u> **Тақырыбы: «Жыл қорытындысы – жетістіктер мен жаңа мақсаттар»** **Күн тәртібінде:**			
1. 2026-2027 оқу жылына құрылған жылдық жұмыс жоспарының, облыстық тәжірибе алаңының қорытынды кезеңі бойынша атқарылған жұмыс қорытындысы.	Дөңгелек үстел	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер
2.Балабақша тәрбиеленушілерінің оқу жылы бойында игерген білім, біліктілік пен дағдыларының нәтижелері			Әдіскер
3.«Біздің қол жеткізген табыстарымыз» жыл бойы жүргізілген іс-шаралар мен жобалар есебі (видео немесе слайд түрінде) (педагогтардың оқу жылында жасаған жұмысына есеп беруі, рейтинг)			Жетекшілер Тәрбиешілер
4. Балалардың дамуы мен ата-анамен өзара әрекеттестік нәтижелері туралы талдау			Педагог-психолог
5. Фронтальды бақылау қорытындысы «Топтардың жазғы сауықтыру кезеңіне дайындығы»			Меңгеруші Әдіскер
Пікірталас, ұсыныстар мен шешім қабылдау. Қорытынды сөз. Келесі оқу жылына арналған міндеттер мен бағыттар.			Меңгеруші

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылы – жаңа бастама»
Өткізілген күні: 2026 жылғы «28» тамыз

КҮН ТӘРТІБІ:

1.2025-2026 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстар туралы есеп.
2.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2026-2027 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларымен таныстыру.
3.2026-2027 оқу жылына арналған негізгі жұмыс құжаттарын қарау және бекіту:
-ҰІӘ кестесі;топтардың перспективалық жылдық жоспарлары;
-ҰІӘ бойынша жетекшілердің жылдық жоспарлары;
-отбасы мен балабақша ынтымақтастығы жоспарлары;
-аттестаттау комиссиясының құрамымен таныстыру;
-мектеппен сабақтастық жоспарын талқылау және бекіту.
4.«Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі құжаттардың дайындығы» тақырыбындағы тақырыптық бақылаудың қорытындысы.

Бірінші мәселе бойынша
Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова 2025-2026 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.
Есеп барысында жазғы сауықтыру кезеңінің негізгі мақсаты балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, таза ауада серуендеу мен шынықтыру шараларын ұйымдастыру, дұрыс тамақтану және күн тәртібін сақтау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізілгені айтылды.
Жазғы кезеңде топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай қимылды ойындар, дене шынықтыру жаттығулары, серуендер, сауықтыру және шынықтыру шаралары ұйымдастырылған. Балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ата-аналармен байланыс орнатылған.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова жазғы сауықтыру кезеңінде топта жүргізілген жұмыстарға тоқталып, балалардың таза ауада қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша
Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова педагогтерді 2026-2027 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға қатысты нормативтік және әдістемелік құжаттармен таныстырды.
Педагогтерге Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2026-2027 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттары түсіндірілді.
Сонымен қатар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, оның ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы №32

бұйрығы негізінде педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидалары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Педагогтерге жаңа оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастыру, құжаттарды сапалы жүргізу және кәсіби біліктілігін арттыру қажеттігі түсіндірілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.К.Нысанова педагогтердің нормативтік құжаттардағы талаптарды басшылыққа алып жұмыс жүргізуі және оқу жылына қойылатын міндеттерді сапалы орындауы қажеттігін атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші Н.Д.Джубаниязова 2026-2027 оқу жылына арналған негізгі жұмыс құжаттарын педагогтер назарына ұсынып, талқылауға салды.

ҰІӘ кестесі, топтардың перспективалық жылдық жоспарлары, ҰІӘ бойынша жетекшілердің жылдық жоспарлары, отбасы мен балабақша ынтымақтастығы жоспарлары қаралды.

Сонымен қатар педагогтерге аттестаттау комиссиясының құрамы таныстырылды. Педагогтердің аттестаттауға дайындық жұмыстары, кәсіби жетістіктерін жинақтау және портфолио құжаттарын ретке келтіру мәселелері талқыланды.

Мектеппен сабақтастық жұмыстарының маңыздылығы айтылып, мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған жоспар қаралды.

Педагогтер ұсынылған құжаттарды талқылап, өз ұсыныстарын білдірді. Ұсыныстар ескеріліп, құжаттарды бекіту ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Б.К.Нысанова «Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі құжаттардың дайындығы» тақырыбында жүргізілген тақырыптық бақылаудың қорытындысы туралы ақпарат берді.

Тақырыптық бақылау барысында педагогтердің жаңа оқу жылына дайындығы, қажетті құжаттардың жүргізілуі, перспективалық жоспарлардың, ҰІӘ бойынша жоспарлардың және басқа да оқу-әдістемелік құжаттардың дайындық деңгейі қарастырылды.

Бақылау нәтижесінде педагогтердің оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілгені анықталды. Құжаттарды рәсімдеу барысында толықтыруды қажет ететін жекелеген мәселелер анықталып, педагогтерге тиісті әдістемелік ұсыныстар берілді.

Әдіскер педагогтерге құжаттарды белгіленген талаптарға сәйкес жүргізу, жоспарлау барысында балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, тәрбиелеу-білім беру процесінің жүйелілігін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Қаулы етті:

1. 2025-2026 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстар туралы меңгерушінің есебі назарға алынсын.
2. 2026-2027 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттарының талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.
3. Педагогтер Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2026-2027 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын және педагогтерді аттестаттауға қатысты нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жүргізсін.

4. 2026-2027 оқу жылына арналған:
   -ҰІӘ кестесі;
   -топтардың перспективалық жылдық жоспарлары;
   -ҰІӘ бойынша жетекшілердің жылдық жоспарлары;
   -отбасы мен балабақша ынтымақтастығы жоспарлары;
   -мектеппен сабақтастық жоспары бекітілсін.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамы педагогтерге таныстырылсын. Педагогтердің аттестаттауға дайындық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
6. Педагогтерге тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, заманауи педагогикалық тәсілдерді тиімді пайдалану және кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру тапсырылсын.
7. «Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі құжаттардың дайындығы» тақырыбындағы тақырыптық бақылаудың қорытындысы назарға алынсын.
8. Тақырыптық бақылау барысында анықталған ескертулер мен ұсыныстар бойынша педагогтерге қажетті әдістемелік көмек көрсетіліп, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі қамтамасыз етілсін.
9. Осы педагогикалық кеңестің қаулысында көрсетілген тапсырмалардың орындалуын бақылау меңгеруші Н.Д. Джубаниязоваға және әдіскер Б.К. Нысановаға жүктелсін.
   Қаулы қабылданды: бірауыздан.

Педагогикалық кеңес төрағасы: Н.Д. Джубаниязова

Хатшы: Ә.О.Сихова